

СБОРНИК СТАТЕЙ

**Международной научно-практической
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,
посвященной 25-летию со дня основания
Евразийского национального университета
имени Л.Н. Гумилёва**

25-26 февраля 2021 года



г. Нур-Султан, 2021



СБОРНИК СТАТЕЙ
Международной научно-практической
конференции молодых ученых
«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

25-26 февраля 2021 года

г. Нур-Султан, 2021

УДК 80/81

ББК 81.2

Н90

Рецензенты: И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали

Члены редколлегии: д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

Н-90 «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

IBSN 978-601-337-505-2

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

IBSN 978-601-337-505-2

УДК 80/81

ББК 81.2

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

I секция
«ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИЯ НАУКИ О ЯЗЫКЕ
И ЛИТЕРАТУРЕ»

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АРУАҚ
СИПАТЫ

Олжатаева М.А.
магистрант 2 года обучения
ЕНУ, г. Нур-Султан, Казахстан
[*mldrlit@gmail.com*](mailto:mldrlit@gmail.com)
Научный руководитель – Кирабаев С.С.
д.ф.н., профессор, академик

Сырт көзге тым қарапайым болып көрінетін аруақтың реалды болмысы әзірше біздің өреміз жетпейтін деңгейде қалып отыр. Сондықтан, аруақ туралы әңгімелегенде үйреншікті болып кеткен анықтамалармен шектеле салуға болмайды, оның шын бейнесін мифтік, діни дәстүрдегі басқа бейнелердің — перілер мен періштелердің, диюлар мен жындардың, қыдыр мен құттың, т.б. сипаттары мен атқаратын қызметтерінің арасынан "тірнектеп жинауға" тура келеді. Әзірге біз үшін маңыздысы — аруақ бейнесінің қазақ дүниетанымындағы көптеген мифтік, этнографиялық, мәдени, шаруашылық келтірімдердің қайнар-көзі екендігіне көз жеткізу болып отыр деп, мифолог Серікбол Қондыбай өзінің «Аруақ хақында» мақаласында [1] аруақ (әруақ) ұғымының, оның мифтік бейнесінің бір қарағанда қарапайым көрінгенмен, шын мәнісінде көп ізденісті, жан-жақты талдауды талап ететін өзекті тақырып екендігін атап өтеді, біз өз кезегімізде осы тақырып төңірегіндегі мәліметтерді бір арнаға жиыстырып, оларды әдебиетінде аруаққа байланысты арнайы жанр қалыптасқан корей мифологиясымен салыстыра отырып, аруақ ұғымына бір жақты анықтама беріп көрейік.

Ең алдымен мына сауалға жауап беріп көрелік: Осы аруақ деген кім? Оның түр-түсі, бітім-пішіні қандай? Оның іс-әрекеттері мен қасиеттері қандай? Осындай сауалға жауап беру үшін күрделі мәселені шешіп алуға тура келеді, өйткені осы сөзге берілген ұғымның сипаты екідайлы. Бірінші ұғым бойынша, аруақ - өлген адамның жаны (рухы), яғни адам жанының өлгендегі тірлік ету формасы. Екінші ұғым бойынша, аруақ - жеке, көзге көрінбейтін тіршілік формасы, жеке рух. Олар адам тәні мен жанын жайлап алады және оның адамға деген қарым-қатынасы амбивалентті (яғни, екі жақты - жақсы да, жаман да) [2]. Бірінші анықтамадағы аруақ бейнесіне, қазақтың «Жер-Су» аңызынан [4, 15] мысал келтіруге болады: *Жайық* –көкте тұратын аруақ. Әйткенмен ол көбінесе жерде, адамдардың арасында жүреді. Үлкен тәңірі оны адамдарды әр түрлі қырсық, кесапаттардан, бәле-жалалардан сақтап, қорғау үшін жіберген. Жайық – Адам мен Үлкен тәңір арасындағы дәнекер. Себебі адамдардың Үлкен Тәңірді көзбе-көз көруіне болмайды. Қазақ танымында осы екі анықтаманың алғашқысы басым орын алады,

бұл сөзімізге халқымыздың дарынды перзенті Ш. Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінде айтқан тұжырымы дәлел болады: «аруақ – ата-баба рухы, Адам табиғаттың аясында ғана дүниеге келіп – туып ,соның ғажап , тосын қаһарынан өледі. Өлген сәттен бастап жаратылыс пен табиғаттың үстемдігі кілт үзіліп , оның өзі аруаққа – онгонға, барлық құдіретті күштерден тәуелсіз кейіпке айналады. Өлген адамның о дүниедегі хал - ахуалы жерлегендегі, жерленгеннен кейінгі ырым-жоралардың салт-санасына тән , бұзылмай орындалуына байланысты еді» [3], - деп қасиетті ата-баба рухына құрмет көрсету – ұлы дала көшпелілері үшін киелі ұғым екендігін болжайды. Әрі қарай Шоқан халық діни танымында,аруақтар ақ киімді немесе ақбоз атқа мінген қалыпта,кейде аса таяқ ұстаған ақсақал түрінде көрінетінін жазады. Егер өлгеннен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, онда өлген адамның рухы жайбарақат рақат күйге түсіп өз үрім-бұтақтарымен туған-туыстарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді дейді,ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді. Бұл ырым-жоралардың дұрыс орындалу,орындалмауы жөніндегі сенім-наным корей,жапон халықтарында да бар,ол туралы кейінірек талдайтын боламыз.

Әзірге «аруақ» сөзінің шығу тегіне тоқталайық: «Аруақ» сөзінің төркіні, шыққан тегі жөніндегі пікірлердің екі түрі бар. Біріншісі бойынша, ол - араб тілінің сөзі, екіншісінде - парсы (иран) тілінен енген делінеді. 1984 жылы жарық көрген «Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте» (28-б.) берілген «арабтікі» дегені сөздікті құрастырушылардың сауатсыздығынан туған қателік, ал екінші - парсылық төркінге тоқталсақ, рас, бұл сөз қазақ-түркі тіліне ислам дінімен бірге парсы тілінен ауысқан, тәжік тілінде осы сөздің «арвох» (арвах) деген баламасы да бар. Бірақ сөздің этимологиясын зерттеу арқылы шығарылған үшінші қорытынды да бар, ол бойынша, «аруақ» - ежелгі батыс прототүркі тілінің сөзі, тек бұл сөз әуелі иран тілдеріне ауысып, кейін сол тіл арқылы бүгінгі түркі тілдеріне дыбысталу өзгерісіне ұшырап, «бөтендікі» болып қайтып келген. «Әруақ» араб сөзі болса: Түбірі – «рух». Яғни, «жан» деген мағынаны білдіреді. Жанның жеке түрі – «рух», ал көпше түрі – «әруақ» деп аталады. Сонда, «әруақ» қазақшаға «жандар» болып аударылады. Мысалы, Қабанбайдың әруағы қолдай көр дегеніміз, Қабанбайдың жандары қолдай көр деген ұғым берген болар еді. Сонда, Қабанбайдың қанша жаны болғаны?! Демек, әруақ деген сөзді арабтікі деуде бір шикілік бар екені осыдан-ақ көрініп тұр. «Аруақ» сөзінің батыс прототүркілік нұсқасы, біздің шамалауымызша, «аруғ» (арвуг) түрінде айтылып, «таза», «пәк», «ақ» дегенді білдірген, бұл да туынды ұғым, ал осы ұғымның ар жағында аруғ - «арғы, ар жақтағы, арғы дүниедегі (жан)» дегенді білдірген. Арғы дүние - дәстүрлі сенімдегі «басқа дүние», «о дүниенің» балама атауы ғана, ал «аруғ» (пенде) - «арғы дүниенің таза (ару) рухы» деген болып шығады. Бұл - нақты адамның о дүниедегі жаны деген ұғымға байланысты анықтама [2].

Ежелгі қазақ мифтері жинастырылған энциклопедияда [4, 177] аруақ ұғымына жоғарыда аталған екі анықтаманың алғашқысымен сарындас сипататма беріледі: Адам өлгеннен кейін аруаққа,тәнсіз рухқа ,Құдайдың қызметшісіне ,оның әмірін орындаушыға , жердегі тірлігіндегі өзімен туыстас ру мен тайпаның желеп-жебеушісіне айналады. Әдетте, аруақ деп о дүниеге ертерек кеткен туыс,бабаларды

айтады. Неғұрлым қасиет тұтылатын аруақтар – атақты адамдардың , данагөйлердің , билер мен батырлардың аруақтары. Сонымен бірге әрбір адамның өзінің қолдаушы аруағы болады деп есептеледі, ал, кейде олар бірнешеу болады. Аруақтар аспанға жақынырақ биік тауларды, Хан Тәңірінің шыңын мекендейді. Олардың мазасын ала беруге болмайды, аруақ атады дейді. Өте мұқтаж, сирек жағдайда ғана аруаққа жүгіну керек. Аруақтарды, яғни ата –бабалардың ұшып жүрген жандарын зікір салып, сарнап, сыйыну арқылы тек бақсы, тәуіптер ғана шақыра алады. Елдің айтуынша, олар ақбоз атқа салт мініп, алтынмен апталған ақ киіп, қалаулы адамдарына ғана көрінеді.

Сонымен, қазақ ұғымындағы аруақ бейнесі: ақ киімді немесе ақбоз атқа мінген қалыпта, кейде аса таяқ ұстаған ақсақал түрінде, бірде ақбоз атқа салт мініп, алтынмен апталған ақ киіп жүрген пенде түрінде болатынын ұғындық. Бірақ аруақтың сырт пішімі турасындағы пікірлер бір жақты емес. Бұл жайында Х. Досмұхамедов: Әруақ түнде ұйықтап жатқанда үш түрлі болып келеді екен: 1) айдаһар жылан болып келіп, беліне оралып жатады екен, 2) қара бура болып күркіреп келіп, үстіне шөгіп жатады екен, 3) қабан болып күрілдеп келіп, қойынына кіріп жатады екен» деп жазады. Ал, фольклортанушы С. Қондыбай болса, «Қырымның қырық батыры» жырындағы аруақ шақыру, аруақпен тілдесу, аруағы тасу тіркестерін саралай келіп, аруах – айдаһар, жылан және алып қара құс бейнесінде болады деп ой түйеді. «Қырым» циклі жырларында аруаққа белгілі бір сипат, қасиет, іс-әрекет дағдысы берілуімен қатар нақты мифтік кейіпкердің бітімі беріледі. Мәселен, Парпария батыр басына қиын іс түскенде өзінің «бабасы» Баба Түкті Шашты Өзізден жәрдем сұрайды: *Пірлеріне сиынды, Баба Түкті Шашты Өзіз, Жәрдеміңді бере көр, Қолтығымнан демей көр. Ата-бабам аруағы, Немереңді жебей көр... Кәміл пірі жар болып, Айдаһар болып көрінді. Соны көріп жаулары, Ысырылды шегінді.* Бұл жерде ата-бабасы айдаһар түрінде көрінеді, осы ата-баба айдаһар немесе жылан кейпінде Ораққа да жәрдемдеседі, тек мұнда «аруақ» сөзі жоқ, бірақ «ата-бабасы» дегеннің өзі нақ аруақ екендігінде күмән жоқ, ал Шора батырға келсек, оның ата-бабасының емес, оның өз аруағы айдаһар кейпінде жауына көрінеді: *Шораның аруағы айдаһар болып көрінеді...* Соған қарағанда аруақтың мифтік кейпі ежелгі замандарда нақ осы «айдаһар-жылан» пішінді болғандығын анықтауға болады. Аруақтың басқа да сипаты бар. Мәселен, *Қазтуғанның аруағы, Жауды көрсе түйіліп, Жауатын бұлттай сыздаған ...Қарғабойлы Қазтуған, Қар аралас жаңбырдай, Аруағы ердің бораған.* Яғни «Қазтуғанның аруағы жауатын қалың қара бұлттай түнеріп, қар аралас жаңбырдай борады». Бұл сөз тіркестері - жай әдемі сөздер емес, мифологияда әдетте алып қарақұсқа телінетін қимыл мен сипат болып табылады. Осыған қарап, аруақты алып қарақұс кейпінде де көріне алады деуге болады, бірақ аруақтың негізгі кейпі айдаһар кейпі болатындығын сеніммен айта аламыз[2]. Жоғарыда аталған мифтік кейіпкерлер (айдаһар, жылан, алып қара құс, ақ сақалды салт атты ата, қалың қара бұлт) қазақ халқының танымында ғасырлар бойы қалыптасқан аруақ бейнелері.

Қандай да бір дүниенің дұрыстығына көз жеткізу үшін жиілік құбылысына сүйенетінміз анық, сондай-ақ «аруақ» сөзінің шынайы, дұрыстыққа жақын

анықтамасы қандай болмақ деген сауалға жауап табу үшін де жиілікке сүйеніп, шығыс халықтары соның ішінде корей және жапон мифологиясындағы аруаққа берілген анықтамаларға көз жүгіртелік. Басқа емес, дәл корей мифологиясын таңдауымыз да тегін емес, себебі корей халқының мәдениеті, үлкенді, ата-бабаны сыйлай білу дәстүрі, тілдік ерекшеліктері, дыбыстық жүйесі қазақ халқындағы осы іспеттес үлгілермен сабақтасып жатады және ең бастысы корей халқында мифтік бейнелер: аруақ, рух, жын, пері т.б. жайында сыр шертетін, тыңдарманды әдемі қорқыта білу мақсатында қалыптасқан *Кайдан* (жп. 怪談 *кайдан*, «тылсым дүние туралы ауызша хикая»), өте сирек «*квайдан*» немесе «*кваудан*» деп аталатын жанр бар. Бұл түп-тамырын қытай халқынан алатын жанр корей еліне жапон халқынан енген.

Корей халқының түсінігінде *аруақ* немесе *кишин* (귀신), - бұл мезгілсіз келген, әділетсіз және жантүршігерлік өлімнің нәтижесінде ана дүниеге өте алмай қалған адамдардың жаны. Ең танымал корей аруағы - *Чонё кишин* (처녀귀신) деп аталады яғни пәк қыздың (тұрмыста болмаған, қыздығы жоғалмаған) аруағы. Дәстүрлі Кореяда әйел болып туылу өте қиын себебі алдымен әкеге, кейіннен жарыңа ең соңында тіпті ұлыңа да қамқор болып, қызмет етуің қажет (бұл тұста қазақтың әйел жұмаққа бару үшін ең алдымен күйеуінің разылығын алуы тиіс деген ұғымымен сәйкестікті көреміз). Ал чоне болып дүниеден өту - өмірге әйел болып келудегі басты мақсатты орындамау соның ақырында аспан әлеміне жете алмай аруақ кейпінде тірілер дүниесінде қалу. Кишиндер әдетте ақ ханбок (корей халқының ұлттық киімі) киген, ұзын шаштары жайылып, алдына түсірілген қыз бейнесінде көрінеді. Неге ақ ханбок? Бұл "*собок*" (소복) деп аталатын адам өлгенде киілуі тиіс дәстүрлі киім. Шаштары неге ұзын? Себебі дәстүрлі корей елінде тұрмысқа шыққанға дейін жас қыздарға шаштарын қиуға тиым салынған. Чоне кишиндер тек әйел емес еркек жынысты да болады, олар сәйкесінше *чонгак кишин* (총각귀신) аталады, бірақ дәстүрлі корей әдебиетінде әйел аруақтардың саны басымырақ және танымалырақ екені байқалады.

Корей шаманизмінде чоне мен чонгакты қосуға арналған «жалғыз аруақтардың тойы» (영혼결혼식 - свадьба двух одиноких душ) аталатын дәстүр бар – тек осылай ғана олардың жандары жай тауып тірілер әлемінен кете алады деп сенген. Бұл дәстүрден бөлек чоне кишинді тыныштандыруға бағытталған - түрлі тамақтар қойылып аталып өтетін бірқатар ритуалдар да бар. Бұл тұста қазақтың аруақтардың жаны арғы дүниеде жай тапсын деген мақсатпен жасайтын – әр жұма сайын жеті шелпек тарату, қырқында, жылдығында ас беру сынды рәсімдерімен сабақтастығын аңғармау мүмкін емес. Түрлі халықтардың аруақ тыныш табуы үшін жасайтын рәсімдері жайында әдебиеттанушы Досым Омаров «Абайдың рухани мұрасы» атты еңбегінде [5, 117-152]: «Қазақтар да, орыстар да, тибеттіктер де ұлтына, дініне қарамастан дүниеден өткеннен адамның қайтқан күнінде, жетісінде, қырқында, жылында жиналып бата оқып, ізгі тілегін білдіреді. Бұны халқымыз «жерлеу», «жетісін беру», «қырқын беру», «жылын беру» деп атайды. Бұл кезде жанның нәзік денелері өзіне арналған нәзік тағамдармен (айтылған жақсы ниетпен) қоректенеді. Бұны қалай түсінуге болады? Адам қайтқаннан кейіноны есіне алып айтылған сөздер, сағыныш сезімдері нәзік әлемдерде жүрген

қайтыс болған адамдарға қорек болады. Бұның өзі Ш. Уәлиханов ескерткендей, нәзік әлемдегі қайтқан адамға жақсы болу үшін оның батасын дұрыс беріп, қатымды ізгі ниетпен өткізіп, барлық рәсімдерді дұрыс жасау керек екенін көрсетеді», - деп жазады.

Жапон халқында кайдан атты жанр барын ескертіп кеткен едік, бүгінде ол жапон қала аңыздары (жп. 都市伝説 Тоси Дэнсэцу – сөзбе-сөз Қала аңыздары) деп аталады. Бұл мифологиялық жанрда басты кейіпкер ретінде Онрё рухтары көрініс табады. **Онрё** (жп. 怨霊 онрё: ренжіген, кек алушы рух) – Жапон мифологиясындағы тірілер әлеміне кек алу, әділеттілікті орнату немесе әлдебір қарғысты орындау үшін қайтып келген өлген жанның аруағы. Аты аталған аруақ өз кегін алғанша тыныш таба алмайды. Онреның әдепі бейнесі күйеуінің зұлымдығынан қаза тапқан тұрмыстағы әйел тұлғасында көрінеді. Ал, ер онрёлар өте сирек кездеседі. Япон драматургиясындағы онреның классикалық образы «Ецуя кайдан» пьесасындағы *Оива*. Бұл пьесада Оива есімді әйелдің дүние салғаннан кейін өзін тастап кеткен сүйіктісінің ізінен аңдып жүріп, ақырында тозаққа тартып алып кетуі баян етіледі. Жапон мифологиясында аруақтың **Ёкай** және **Юрей** атты екі үлкен катеориясы бар. Аруақ немесе елес деп анықталатын *Ёкай* бір мағыналы емес: бұл сөз екі түрлі иероглифпен жазылады, бірінің мағынасы - «сиқырлы, таңғаларлық», ал екіншісі – «жұмбақ, ақылға қонбайтын әлдене, аруақ». Сыртқы кескіні, тұрпаты жайлы айтар болсақ, олар келбеті, әдеттері, функциялары және мекендейтін жеріне байланысты сан алуан және әркелкі. Ёкайлар достық қатынастағы, мейірімді болуы да немесе қара ниетті, жауыз болуы да мүмкін. бұл аруақпен кездесу өте сирек кездеседі. *Юрэй* (жп. 幽霊 ю:рэй) – де жапон мифологиясындағы қайтыс болған адамның аруағы бірақ бұл сөз «ана дүниелік» және «жан» деген иероглифтермен жазылады. Классикалық юрейді ерекшелейтін қасиет - аяғының болмауы. Екайлар мен Юрэйлерді ажырататын белгі біріншісінің жиі әдеттегі құбылыстан ерекше болатынына қарамастан көбірек адам тәрізді болып келетіні. Барлық екайлар қатаң белгіленген орындарда мекен етеді және «өз қызмет салаларына» байлаулы. Олар өз өмірлерімен өмір сүреді, өмірлеріне кездейсоқ адам өзі басып кіреді сондықтан екайлар адамға емес, адам оларға келген болып шығады. Дәл осы себепті жапон фольклорындағы аруақпен кездесу - кездейсоқ, жоспарланбаған характерге ие. Екайлар - буалдыр түнектің, анығырақ, жартылай қараңғылықтың балалары, олардың пайда болу уақыты, қағида бойынша, күннің батуымен байланысты, осы себепті ымырт жабылу мен қараңғылықтың арасын «оума-га доки» («әзәзілмен кездесу уақыты») деп атау қалыптасқан. Бұл тұста қазақ халқының мифтік нанымымен үндестікті байқаймыз, мысалы, халқымызда ымырт түскен уақытта кішкене балаларды сыртқа шығармайды, себебі әлдебір тылсым жаратылыс (көбінесе жындар) алып кетеді немесе ақыл-есі қалыптасып үлгермеген сәби жынданып кетуі мүмкін деген түсінік бар. Және кеш бата бастаған уақыттарда ұйықтауға болмайды - қандай да бір жаман оқиға орын алуы мүмкін деп көп айтылып жатады осының өзінде жоғарыда айтылған ымырт жабыла пайда болатын екайлармен әлдебір байланыс бардай. Юрэй аруақтары өзге мақсатты көздейді, себебі олардың пайда болуы тірі жанның алдынан кенет шығып, онымен

байланысқа түсуі арқылы түсіндіріледі. Табиғи өліммен қайтыс болған адамдардың жаны ата-баба аруағына айналады, ал, зорлықпен не әділетсіз өліммен өлгендер юрэйге айналады. Бір қызығы, зұлымдықпен өлтірілген жанның жынысына қарамастан, юрейлер әрқашан әйел бейнесінде болады. Олар үйге қараңғы түнде келеді, бұл олардың кескініне көмескілік, бұлдырлық береді. Олардың денесінің жоғарғы бөлігі адам тәріздес, ал, аяғына жақын сұлбасы түтінмен көмкерілгендей елесті күйге енеді, көрген жанға олар артынан түтіннің жіңішке ғана ағысын қалдыра, ауада жүзіп жүргендей әсер қалдырады. Аяқ барлық жаратылыстарға жермен байланыс жасауға мүмкіндік береді, ал, юрэйлерде аяқтың болмауы жермен яғни тірілер әлемімен байланыстың жоқтығын аңғартады. Әдетте юрейлер иесіз қалған үйлерді, ескі ғибадатханаларды, жолы болмаған жолаушыларды күтіп тұратын жартылай бұзылған тау лашықтарын мекен етеді. Анқау, иланғыш және ақкөңілді болып келетін екайлармен салыстырғанда юрэйлер көп жағдайда көңілге қорқыныш ұялатарлықтай зұлым, ол олардың сырт бейнесінен де аңғарылады: бұндай елестердің бетінің орнында иегінде жалғыз көзі бар көмескі шар болады, кейде тіпті көзі болмайды, сирек жағдайларда бірнеше көз юрэйдің саусақтарында орналасады. Жапон аруақтарының **как о-бакэ** атты категориясы да бар, олар юрэйлермен ұқсас, бірақ біріншілерінің өздерінің өлгендігін ұғынбаған сондықтан қайтыс болған жерін кезіп жүретіндігімен бір-бірінен ажыратылады.

Жоғарыда аталғандар аруақтың категориялары болатын, енді ол категорияларға жататын аруақтардың атаулары да бар, соларға тоқтала етейік: алдымен жапон аруақтары: **•Абура – акаго** – Жол жиегіндегі қасиетті орындарда тұратын майшамдардан ұрланған майларды сатқан саудагерлердің жаны. Бөлмеге ұйысқан отпен ұшып келеді де, кішкене сәбиге айналады және сәби бейнесінде майшамдағы барлық майды сорып алып қайта ұшып кетеді. **•Адзуки – араи** — Тау өзендерінде бұршақ жуып отыратын кішкентай шал немесе қарт әйел, көлемі жағынан қазақ халық ертегісіндегі «қанбақ шал» бейнесін еске салады. Қорқытатын әндер айтып отырады («Бұршақ жусам ба екен, әлде біреуді жесем бе екен?»), бірақ шын мәнінде олар қорқақ және зиянсыз. **•Ама-но-дзаку** - Ежелгі қыңырлық пен бұзақылық аруағы. Адамдардың ойларын оқиды және ойға алған жоспарларын толықтай өзгеше орындауға итермелейді. Жапон ертегілерінің бірінде ханшайымды өлтіріп, өзіне оның терісін киіп, сол кейіпте тұрмысқа шықпақшы болады бірақ артынан шынайы бейнесі ашылып, өлтіріледі. **•Ао-андон** — Эдо дәуірінде жапондықтар бір бөлмеге жиналып, 100 шырағданы бар үлкен, көк түсті майшам жағып бір-біріне қорқынышты оқиғалар айтқан. Әр оқиғаның соңында бір шырағдан өшіріліп отырған. 100 оқиғадан соң жарық толықтай сөніп, ао-андон пайда болған. **•Ао-ниобо** император сарайы бұзындыларында өмір сүретін адамжегіш. Тірі кезінде құрметті қызметші болған. Қара тістері мен қырылып тасталған қастары арқылы ерекшеленеді. **•Баку** - аю денелі, мүйізтұмсықкөзді, сиыр құйрықты, жолбарыс табанды, шұбар терілі химера (грек мифологиясында түсі суық қорқынышты аң). Адамдардың түсімен қоректенеді. Егер сіз қорқынышты түс көрсеңіз, бакуді шақырғаныз жөн себебі ол қорқынышты түсіңізді барлық алып келер зияндарымен бірге жұтып қояды. **•Бакэ-дзори** — Жақсы күтіліп киілмеген ескі аяқ киім. Үй ішін кезіп, қорқынышты әндер салып

жүреді. Жапон халқының сенімінде қандай да бір зат не тірі дүние 100 жылдан артық жасаса ол автоматты түрде аруаққа айналады деген түсінік бар.

Корея мемлекеті көптеген аралдар, шағын өзендер мен көлдерге бай, осы себепті де бірталай бақытсыздықтар, адамдардың жазым болу оқиғасы су айналасында болып жатады. Неге дәл су айналасында бақытсыздықтар көп орын алады деген сұраққа корей халқының фольклорынан жауап таптық. **Муль кишин** (물귀신)- суға батып өлген адамдар аруағы. Корей мифіне сүйенсек олар жалғыздықты ұнатпайды және әрдайым серік іздеумен болады осы себепті өздеріне ұнаған адамды су тереңіне тартып алып кету үшін барлығын жасайды. Тіпті Корей тілінде «муль кишиндей әрекет ету» «муль кишиндікіндей қылық» (물귀신 작전) деген айтылым, қалыптасқан сөз қолданым бар. Ол белгілі бір адам келесі біреуге «мен орға түсер болсам сен де аман қалмайсың» дегендей, өзімшілдіктен қиянат жасаса айтылады.

Келесі танымал кишин яғни аруақ - "**кумихо**" (구미호), тоғызқұйрықты түлкі. Анығырақ кумихо - 1000 жыл өмір сүретін ақ түлкі. Егер олар осы мыңжылдықты абыроймен сүріп шығар болса сый ретінде аспан әлеміндегі ұлы Нефрит патшасының сарайына бару мүмкіндігіне ие болған. Ал қарапайым адамдар арасында олар әдетте өте сұлу, кербез, ер адамдарға жасырын түрде құрықсалып жүретін қыздар бейнесінде көрінеді. Жоғарыда сипатталған әдемі аңызға қарамай корей әдебиетіндегі кумихо бейнесі сондай зиянсыз емес, себебі олар аруақ атынан арылып, адамға айналу үшін ер азаматтардың бауырымен қоректенеді. Бірақ басқаша сөйлейтін аңыздар да бар, бұл аңыздар желісінде : кумихо сүйгеніне тұрмысқа шығады және 100 күн ішінде күйеуі оның шынайы болмысын аңғарып қоймаса, кумихо нағыз адамға айналады және тағдыр қосқан серігімен бақытты өмір сүреді.

Корей балалары мен жеткіншектері өте қорқатын **Ю Кван Сун** (유관순) есімді марқұм қыз бар. Ол жапон басқыншылығы тұсында тәуелсіздік үшін көтеріліске шыққандығы себепті небәрі 17 жасында тұтқынға алынады. Ақырында Кван Сун түрмедегі аяусыз азаптан қаза тауып кейін тарихи тұлғаға айналады. Құрмет үшін өмір тарихының өзі үрей тудыратын оқушы қыз суреті корей мектептерінің қабырғаларында ілулі тұрады. Оның дәл осы суреті мен бірқатар мектептерде бар мүсіншесі туралы халық арасына аңыздар тараған. Корея мемлекетінде 1 наурыз - тәуелсіздік күні (삼일절), дәл осы мерекеде қыз тіріліп, оның аруағы «Тәуелсіз Корея үшін!» деп айқай сала, мектеп ішін кезіп жүреді деседі. Енді бір аңыздарда қыздың портретіне қарап тұрып, есімін атасаң азаптан дал-дұлы шыққан қыз бейнесі көрінетіні айтылады. Бұл аруақ бейнесі қазақ халқындағы : аруақ - нақты адамның өлгендегі жаны деген анықтамаға сай келеді.

Өздері туралы аңыздардың туғанына көп болмаған, қазіргі таңдағы аруақтар бейнесі де бар. Мысалы, **Чаюро кишинді** (자유로 귀신) кездестірмеген корей азаматы кемде кем. Чаюро Корея астанасы Сеуіл қаласының солтүстігіне қарай орналасқан Коян және Паджу елді мекендерінің қиылысындағы тас жолда кездеседі. Тас жол айналасы үнемі тұманданып тұратын Ханган өзенінің бойында орналасқан нәтижесінде бұл жерде ЖКО жиі орын алып тұрады. Бірақ ЖКО-ға тап болғандардың көбісі жазатайым оқиғаның себебін тұманнан емес әлдебір тылсым

кұбылыстан көреді. Бұл тас жолдан өткен адамдар жолжағасында тұрған, көзіне күннен қорғайтын көзілдірік киген, жүзі қаяулы қызды көргендерін айтады. Бірақ назар салып қарағанға ешқандай көзілдіріктің жоқтығы байқалады, ол шын мәнінде ойып алынған көздердің орнындағы қара түсті бос көз ұясы болып шығады. Қазірде тас жол жағасындағы қызды жеткізіп салған бір көлік жүргізушісінің оқиғасы халық арасында өте танымал: Жүргізуші «көзілдірікті» әйел айтқан мекен жайды GPS-ке енгізеді де онда көрсетілген бағыт бойынша жүре береді. Көрсетілген жерге жеткенде жүргізушінің таңданысында шек болмайды, себебі олар қоғамдық зират басына келген еді. Мекен-жайды қате айтқан болар деген оймен нақтылап сұрау үшін артқы көрініс айнасына қарайды, бірақ бәрі дұрыс еді- қыз (аруақ) тура үйіне келді.

К-Поп индустриясына қатты көңіл бөлетін бұл елде дыбыс жазу студияларында мекен ететін аруақтар яғни *пэнтом*(*팬텀*) жайлы да әңгімелер бар. Халық түсінігінде олар жазылып жатқан әуендердің ішінен өздеріне ұнағанына қосылып ән айтады деседі және ол ән түбінде нағыз танымал әнге айналады.

Қазақ мифологиясында аруақ ұғымы көп ұшырасқанмен, корей еліндегідей аруақпен тілдесу, диалогқа түсу өте сирек, бірақ бар. Ол тұрғысында академик Р. Нұрғали «Драма өнері» еңбегінде былай дейді: Қазақ әдебиетіндегі аруақпен тілдесу сюжеті кездесетін ең алғашқы туынды – Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақина» драмалық туындысы. Басты кейіпкер Халима қайтыс болған анасының аруағымен тілдеседі. Сонымен қатар, Ілияс Жансүгіровтың «Кек» драмасында(алғашқы перде-ақ Бейсенбай рухы бар, шешесі Үндемес онымен тірі адамша сөйлеседі), Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» трагедиясында да аруақ тіл қатады. Бір қызығы қазақ халқының мифологиясында жоқтаудың бір түрі – «аруақпен айтысу» үлгісі бар. Аруақпен айтысу көбінде ерлі-зайыпты адамдардың арасында болады. Үлгі үшін төменде күйеуі жауда өлген Аймаңдай деген қыздың моланың басына барып күйеуінің топырағын құшып жатып, біресе өзі болып, біресе күйеуі болып айтысқанын келтіреміз [6]. Әжептәуір көлемді айтыстан қажетімізге жарар бір-екі шумақ үзінділерін берсек:

Қыз:

Жігіттер жиырма бесте аттай желді, ...
Басыңнан атқара гөр бір тайпа елді.
Алғаным, аш қойныңды, көтер басты,
Басыңа Аймаңдайдай досың келді.

Жігіт:

Жігіттер жиырма бесте аттай желді,
Басымнан атқарайын бір тайпа елді.
Далада иесіз тұрған қу молаға,
бер,

Аймаңдай мұндық болған неге келді?

Қыз:

А, Бабас, сөзімді айтқан қостаймысың,
Сөзімді айтқан менің тастаймысың.
Жаныңды жер ауыртып жатыр екен,
Берейін қызыл тоным жастаймысың?

Жігіт:

Аймаңдай тая көрме сертіңізден,
Кетіпті ішің толып дертіңізден.
Ки-дағы қызыл тоның, той тойлай

Сүйегім басқаланған етімізден.

Бұл сарындағы туындылардың қазақ әдебиетінде кең өріс алуына - аруаққа түсінік беру принциптерінің белгілі бір діни нанымдық (мәселен, ислам, шаманизм, т.б.) шеңберінен шыға алмайтын тар ауқымдылығы кедергі болып отыр.

Қорытындылай келе ұғатынымыз: Қазақ халқы аруаққа сыйынбаған, сыйлаған. Ата-бабамның рухы,жаны деп қастерлеген. Өкінішке орай көптеген зерттеушілер аруақ ұғымын талдағанда осы мәселені ескермей , аруақты құдаймен қатар қойып жатады. Бірақ біз бұл жайтты мифологиялық аспектіде қарастырып отырғандықтан аталған мәселеге тереңірек тоқталмаймыз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келейік: корей мен қазақ мифологиясындағы аруақ бейнесінде қандай сабақтастық бар? Бірінші – адамның жаны мәңгілік, о дүниеде де рухтар адам әлеміндегідей сапарын жалғастыра береді. Екінші – екі халық ұғымында да аруақ – қайтыс болған нақтылы адамның жаны. Үшінші сабақтастық– аруақтың тұлғасында:ақ түсті киім киген, бет-бейнесі анық емес әйел не ер азамат. Төртінші: аруақтың адамға деген қарым-қатынасы амбивалентті (яғни, екі жақты - жақсы да, жаман да), ол көбіне адамның қалай дүниеден өткеніне және жерлеу рәсімдерінің қаншалықты дұрыс атқарылғандығына байланысты болады. Ең соңғысы - екі елдің байырғы мифологиялық ұғымында рухтар әлемі мен адам әлемі, өлі мен тірі, о дүние мен бұ дүниенің аралығында қатаң шекара жоқ. Бұған Ш. Уәлиханов жариялаған «Өлі мен тірінің достығы» туралы айтылатын аңыз да жақсы дәлел болады.

«Аруақ жолын түгелдей ұқтым десеніз, онда өзіңізді алдаған боласыз. Ол жол шексіз...» , - деп С. Қондыбай жазғандай біз де аруақтың болмысын толық ашып бере алдық деп айта алмаймыз, тек осы ұғым төңірегіндегі кейбір қателіктерді ескертіп әрі жиілікке сүйене отырып дұрыстыққа жақын анықтамаға жету жолындағы баспалдақ салдық деп ұғамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қондыбай Ә.С. Аруақ хақында. // «Рух-Мирас» журналы. № 2. - 2004.
2. Қондыбай Ә.С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 512 б.
3. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т. - 54 б.
4. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна» баспасы,2006. – 252 б.
5. Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы. – Алматы:«Ел- Шежіре» баспасы,2007. – 264 б.
6. Аруақпен айтысу («Аймаңдай мен жауда өлген күйеуі»)/Жинаушы Х.Досмұхамедов//Сана. – 1924 . - №2-3. – 123-126 б.

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының және шығыс халықтарының мифтік танымындағы аруақ кейіпкерінің сипаты мен атқаратын рөлі, қоғамдық статусы анықталады. Аруақ ұғымына анықтама берудегі қажетті терминдердің ала-құлалығы мен діни-нанымдық (мысалы, ислам, шаманизм т.б.) шеңберінен шыға алмайтын тар ауқымдылығы ескеріле отырып, аруақ терминіне сапалы түсіндірме беріледі. Шетел зерттеушілері мен шығыстанушы ғалымдардың, мәдениеттанушылар мен тарихшылардың, сондай-ақ қазақ әдебиеттанушыларының еңбектері басшылыққа алынып олардың негізінде аруақтың реалды анықтамасы қалыптастырылады.

Кілтті сөздер: мифология, мифтік таным, мифтік кейіпкер, аруақ, кие, рух.

Аннотация. В статье рассматривается социальный статус, сущность и роль призрака в мифологическом познании казахского народа и народов Востока. Дается качественная интерпретация термина призрак учитывая разнообразие терминов, необходимых для определения концепции призраков, и узкую область, которая не может выходить за рамки религиозных верований (например, ислам, шаманизм и т. д.). Дается настоящее определение привидения на основе работ зарубежных исследователей и востоковедов, культурологов и историков, а также казахстанских литературоведов.

Ключевые слова: мифология, мифологическое познание, мифологические персонажи, призрак, привидение, дух.

THE IMAGE OF A GHOST IN THE KAZAKHS AND EAST NATIONS MYTHOLOGY

Olzhatayeva M.A.

undergraduate 2 years of study

ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract. *The article examines the social status, essence and role of a ghostly character in the mythological knowledge of the Kazakh people and the peoples of the East. A qualitative interpretation of the term ghost is given, taking into account the variety of terms necessary to define the concept of ghosts, and a narrow area that cannot go beyond religious beliefs (for example, Islam, shamanism, etc.) The present definition of a ghost is given based on the works of foreign researchers and orientalists, culturologists and historians, as well as Kazakh literary critics.*

Key words: *mythology, mythological knowledge, mythological characters, ghost, spirit.*

ИЗУЧЕНИЕ ЖАНРА РОМАНА НА УРОКАХ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ КАЗАХСТАНА

Джапанашева М.Б.

магистрант 1 года обучения

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

[*madina.dzhapasheva@mail.ru*](mailto:madina.dzhapasheva@mail.ru)

Научный руководитель – Шапкина Г.З.

к.ф.н., доцент

[*gulzhan-zein@mail.ru*](mailto:gulzhan-zein@mail.ru)

Обновление содержания образования в Казахстане привнесло множество изменений в процесс обучения. В рамках современной парадигмы образования типовые программы разработаны с упором на формирование духовных ценностей ученика, готового к саморазвитию и самосовершенствованию, воспитанию компетентного, критически мыслящего читателя, способного анализировать содержание, учитывая социально-исторический и духовно-эстетический аспекты произведения. Ученик должен понимать как полученные навыки и знания он может применить в реальной жизни. Задача учителя помочь ему в этом. Но как преподнести изучение теории романного жанра, не перегружая ученика (к прочему не расположенного к изучению произведений больших объемов)? Постараемся ответить на данный вопрос, рассмотрев состояние изученности проблемы в науке и предложения авторов современных учебников по обновленному содержанию образования.

Жанр, по словам М. В. Заваркиной, играет ключевую роль в изучении поэтики литературных произведений, так как определяет художественное мышление писателя и ожидания читателя [1].

Роман, исторически сменяя эпопею, вбирает в себя все родовые признаки эпоса. М.М. Бахтин, как отмечает И. Сухих, выделял три конститутивные черты романа, которые отличают его от эпопеи: 1) предмет изображения эпопеи «абсолютное прошлое», у романа предметом изображения является современная